


**СҮЙЕУБАЙ БАЙҚАДИҰЛЫ**



**Көзіндегі - Көзайым**





**СҮЙЕУБАЙ БАЙҚАДИҰЛЫ**



**СҮЙЕУБАЙ БАЙҚАДИҰЛЫ**

**КӨЗІНДЕГІ - КӨЗАЙЫМ**

(Новеллалар жинағы және деректі-повесть эссе)

**СЕМЕЙ**  
**«Zhardem» баспасы**  
**2019**

**Б18 Байқадияұлы Сүйеубай.**

**Көзіндегі - Көзайым (Новеллалар жинағы және деректі-повесть эссе) – Семей қаласы, «Zhardem» баспа орталығы, 2019 – 217 бет.**


**ISBN 978-601-7037-06-02**

Автордың бұл жинағына таңдаулы деген бірнеше новеллары мен әңгімелері, өмір-баяндық "Көзіндегі - Көзайым" повесті – эссесінің қайта өңделген нұсқасы кірді. Жазушы шығармалары оқырмандарын өзіне тартып отырады, жеңіл оқылады.

**ББК 84 Қаз 7-44**

**ISBN 978-601-7037-06-02**

**© Байқадияұлы Сүйеубай.,  
© «Zhardem» БО, 2019 жыл**



*Әңгімелер, новеллалар*













Көңілі алай-дүлей. Көзінен парлаған жас бетін жауып кетті. Өне домаланған бауыры мұны танып бұған қарай жүгіре басып келеді. Сол сәтте бұның дауысы да ышқына шығып, «Көре алмай кеткен, жан әкем-ай», деп дауыстап оған ұмтылды.

- Ағайындылар дауыс көтере көріскесін басқалар да бұрылып, бұған кеп көңіл айтулар мәйіт қабыр басына тоқтағанша басылған жоқ.

Еңгезердей бойы бар Баймұрза әкесі шүйкедей ғана болып екі метрлік қабырға түсіп, жаны жай тауып бұл дүниемен қоштасып кетіп барады. Жанарынан сорғалаған жаста әзер тиялып еді. Шалды ақырғы сапарға жөнелтіп – үйге оралған інісі, таңертен почтадағы жігіт кеп сіз аварияға түсіп қалды деп еді, қалай жеттіңіздер? – деп сұрап жатыр.

- Дүниеде мәрт азаматтар көп екен. Соның арқасында бір күн ішінде аяғымызды басып, жеңгең екеуіміз топырақ салуға да үлгердік қой – деді Қайролла.

- Бұл бір абырой болды, әйтпесе өмір бойы өкініп кетер едіңіз – деп інісі риза сезімін жасыра алмады.

- Әкеміз артында қалған екі ұрпағының ауыртапылығын ала кеткен ғой, қарашы авария болған уақытта ол кісі де, дүние салыпты деп келіншегі жаңалық ашып отыр.

Қайролла мен Бикамал әкелерінің жетісінен кейін Семейге поезбен оралып, үйге келісімен жүк машинасын жалдап Георгиевкадағы машинасын қалаға, гаражға әкеп тықты. Қайролла жоқта қалалық соттан сот орындаушы кеп бұған дүйсенбіге сотқа шақырту әкеп тастап кетіпті.

Фамилиясын қате толтырған. Баймурзин емес Аймурзин дей салыпты. Бұл қырсығып барғысы келмеп еді, әйелі «қой ұят болады, одан сайын ерегесіп айып салуы мүмкін» - деп мұны сотқа зорлағандай жіберді.

Сот отырысы өтетін бөлме алды ығы-жығы екен. Бұл таяғанда, өзін қаққан жігіт, оның жанындағы орта бойлы шашы тікірейген қасқа бас үлкен кісіні де көзі шалды, жандарынан өтіп бара жатқанда ана жас жігіт:

- Әке жауапкер кісі осы, - дегені естілді.

Бұлда, олда біріне-бірі жалт қарады. «Ой, аллай мынау Оразхан ғой, ол қайдан жүр?» дегенше болған жоқ олда:





Жан қосағым Ә-ға арнаймын

## АЛМА ҰСЫНҒАН ҚЫЗ

Дәурен әскерден аман-есен оралып, білімін көтеруді ойлап, құжаттарын Алматының ұлттық университетіне тапсырды. Шымкенттен келген Әбдібек алматылық Марат деген жігіттер мен достасып пәтер жалдап бір айдай бірге тұрды. Ол кезде қазіргідей тест тапсырып бәрін бір күнде білу деген жоқ. Әр пәннен жеке емтихан алады. Ол бір қиямет қайым. Қыл көпірден өткендей.

Дәурен төрт сабақтан емтиханды ойдағыдай тапсырғанымен бір бес, бір үш, екі төрт бағасымен конкурсқа түскенде іштей бөлімге өтпей қалды да, сол бағалармен құжаттарын сырттай бөлімге өткізіп оқуға түсті деген университет қағазын алып үйіне қайтуға бет алды. Әбдібек пен Маратта конкурстан өте алмай, оларда құжаттарын сырттай бөлімге өткізіп енді үшеуі университет табалдырығын аттағандарын жуу үшін Горький атындағы паркке барды. Дәурен мен Марат қалталарынан 20 сомнан ақша шығарып Әбдібекке беріп, олда сондай сома қосып, ортақ кассаға Әбдібек ие болды. Әбдібек екеуінен 3-4 жас үлкен сақа жігіт, олда әскер қатарынан оралған, аудандық газетте істеген, оқуға келер алдында үйленген, қазір әйелі Бота екіқабат көрінеді. Ал, Марат, Дәурен мамырда ғана әскерден оралған. Не жұмысы, не қалыңдығы жоқ сұр бойдақтар.

Үшеуі саябаққа кеп кіргенде түс кезі еді. Тамыз айының тамылжыған сәтін құр жібермей үшеуі суретке түсіп, ары таман саябақ ішіне кіріп қыдырып жүрді. Ойлары басы бос үш қыз кезіксе танысып, бірге отыруға шақыру, қызбен танысуға келгенде, Марат пен Дәурен тәжірибесі аздау. Ал, Әбдібек жайнап тұрған оттай. Ана – мынаны айтып күлдіріп алады да бауырына кіріп әкетеді. Әбдібек:

- Әй жігіттер, ауылға барғасын осы күнімізді аңсаймыз, өкініміз. 60 сом алты адамға күні бойы отырғанға толық жетеді... Ал, жүріндер алдымен ептеп жүз грамды қамдап алайық, ішке кішкене от барса, тілімізде жақсы қимылдайды, - деп, ресторанға бастай жөнелді.



Бір он сомның басына су құйған үшеуі екі сағаттан кейін салқын түсе бастағанда саябақты аралауға шығып еді. Хайуанаттар мекеніне өтіп бара жатқанда алдарынан әңгімелесіп келе жатқан үш қызды көріп, Әбдібек бірден жоспар құрды. Қолдарындағы «ФЭД» фотоаппараттарын ыңғайлап:

- Қарындастар, сәл бөгеліңіздер, айып етпесеңдер бірге суретке түсейік. Біз бүгін қуанышты едік. Сол сәтке ортақ болыңдар, - деп Әбдібек, елден ерек қимылдады.

- Бүгін бізде де қуаныш. Институтты бітірген дипломдарымызды алып, ертең ауылға ата-анамызға жүрейік - деп отырмыз, - деп қараторы шашы ұзын қыз, құрбыларына қарай сықылықтай күлді.

- Әп - бәрекелді, қайырлы болсын! Онда дипломдарыңа көрімдігіміз бізбен бірге ресторанға кірейік, сонда бірігіп жуайық, - деп Әбдібек те тақымдап қоймайды. Жауабы қараторы қызда, ол құрбыларымен өз ара ақылдасты да:

- Жарайды, жігіттер бірақ кешкі жетіде біз жатақханада болуымыз керек, - деп келісім беріп көне кеткендері. Жібек - Көкшеден, Жазира - Жамбылдан, ал, Айман - Семей жақтан екен.

Жазира қараторының әдемісі, оның үстіне шашы белінен түсіп, жуандап өріп қойған, өзіне керемет жарасады. Оған жерлесім деп Әбдібек жанына қонжиды. Марат көк көз Сары қыз Көкшегінің Жібегінің жанына жайғасты. Дәурен Семейдің - Мақаншы өңірінің тумасы Айманға қатарласа кеп отырды.

Ресторан іші жайнап сала берді. Музыка ойнай берісімен Әбдібек Жазираны биге шақырып, отырыстың көркін қыздыра түсті. Марат пен Дәурен қыздармен танысқаннан ары бара алмай отыр. Жібек пен Айманда әңгімеге шорқақтау екен. Тек, Жібек қана батылдау:

- Жігіттер, сіздер қайда оқисыздар, - деп қояды.

Оған Марат:

- Біз студент емеспіз, біз журналистпіз. Біріміз осында республикалық, біріміз Семейде облыстық газеттеміз деп «бөсіп» салды. Дәурен оның өтірікті қосып жібергеніне шыдамай санынан ақырын шымшыды. Марат бір мақтанса, тоқтай алмайды.

Сонау Германияда әскерде болғанын, одан аға сержант атағымен оралып, осында зауытқа жұмысқа кіргенін, одан редакцияға қызметке қалай орналасқанын, Дәурен туралы оның әскери екенін оның жуықта ғана облыстық газетке қызметке алынғанын, мақалалары жиі республикалық газеттерге басылатын келешекте, өзі





Дәурен тұрайын деп ұмтылып еді, буыны қалтырап, басы айналып, жер көшіп, еденге құлап түсті. Екінші рет ұмтылып барып төсекке қайта отырып еді, басы айналып жұтқыншағына құсық кептелді. Тәлтіректеп барып дәретке отыратын ыдысқа еңкейіп іштегі дүниені ақтарсын-ай, лақылдап түскен құсықтан жүрегі айнып іші солқылдай, көзінен оты жарқылдап жас шыққанша күшенді. Әбден жеңілдегенсін ол қол жуғышқа барып бет-аузын шайып, айнаға қарап еді «Астапыралла, мынау менмін бе?» - деп өз бейнесін көріп шошып кетті.

Екі жағы суалып, көзі ішіне кіріп, көтерем, өлетін тоқтыдай бола қалыпты. Басын шайқап «Туф» деп бір боқтанып алды да қайтадан Әбдібектің жанына кеп, кезекші милицияға барып сөйлесейік, - деді. Әбдібек іш киімінің ышқырына, екі қызыл он сомдықты тығып жүреді екен, соны суырып бірін Дәуренге ұстатты да екіншісін өзі қолына қыстырып кезекшіге келді.

Айықтырғыштың бастығы капитан қазақ жігіт екен. Болат Смагуловпын деп танысты. Әбдібек Жамбыл ауданындағы бір совхоз директорының ұлымын, осында жиенім тұрмысқа шығып келгеміз, содан көшеге бой жазуға барғанымызда осында әкеп қамады, еш жазығымыз жоқ, ешкімге тиіскен емеспіз деген сияқты қисынды әңгімелерді қардай боратты. Капитан Әбдібекпен құрдас, Қызылорда жақтан екен. Оның руын сұраған Әбекең оны қайынаға етіп туыса қойды.

- Әй, жігіттер, қинадыңдар ғой. Енді не істесем екен, - деп капитан желкесін қасыды. Сол сәтте Әбдібек оңтүстігіне басып оның қолына он сомдық қызыл құлақты қыстыра қойды.

Сол-ақ екен капитан жүзі жылып, «Әй, жігіттер сөздерің де, өздерің де жақсы адамдар екенсіздер, бұл жаққа жаңылыс басып аттапсындар, енді келмеңіздер, мен жауапкершілікті өзіме алайын да босатып жіберейін, - деп алған нәрселерімізді менің 30 сом ақшамды қайтарып берді. Далаға шыққансын Әбдібек:

- Дәурен, бағанағы мен берген червонецті әкел, деп - ақшасын сұрап алып: - Жүр сыраhanaға барып бас жазайық. Сен үш сом, мен екі сом шығарайық әлгі Марат қу да жатқан шығар сұлап, - деп пәтерлерімізге бет алдық.

Бір «Талас» он бөтелке сыра алып, келсек Макең домаланып есік алдында тақтай орындықта жатыр екен, жатқан жеріне құсқан. Айналасы көк шыбын. Оны екеуі қолтығынан демеп көтеріп аузы-басын жуғызып, Әбдібек шай қойып, нан турап «Таластан» қырлы







## КӨҢІЛ ҚҰСЫ – МАХАББАТ

(новелла)

- Жұмаш, тұра ғой, жаным, бүгін соңғы қоңырауың емес пе, - деген апасының дауысынан селт етіп ояна кеткен Жұмаш сағатқа қарап еді, таңертеңгі жеті жарым екен.

Ол әдеттегідей апасына екінші рет айғайлатып, басынан сипатып, мандайынан иіскеткен жоқ. Атып тұрып, бет орамалды мойнына асынып, үстіне жеңіл киім кие салып, Қарақол бойына тұра жүгірді.

Қарақол сәуір, мамыр айында ерекше бар дауыспен гүрілдей ағып, бураның мінезіндей боп жатады. Ол ауылдан шеткері өзенге төнген төбені айнала тоғайлы өзен жағасына кеп белге дейін шешініп, таза, салқын сумен мейірлене жуынып алып, төбе үстіндегі тасқа отырып асықпай сүртінді. Өзі жуынған жерде ертедегі арықтың ізі көрінеді. Мұны жергілікті жұрт «Қарақалпақ Түгелбайдың арығы» дейді екен. Естуінше ерте-ерте заманда Ақтамберді ауылында іргелес қоныстанған Түгелбай бұл өңірге егін егуді, тары мен бидайдан өнім алып, ас жасауды үйреткен көрінеді. Шежіре қариялардан осындай әңгімені естіген сайын көңілі семіріп, бойын қуаныш кернейді. Себебі ол да ол – Түгелбайдың бір ұрпағы туажаты. Міне, осы аталарының кетпен сілтеген арығы осы, эне, содан қалған егістік, оған қазіргі Таскескен ауылы орналасқан. Ол кезде мұндай кірпіш үйлер жоқ. Киіз үйлер бір-біріне жпсырыла тігіледі, ортада мал тебінгілері болады дейді. Сол уақытта қорадан мөңіреген бұзау мен қозы-лақ, боталар мен құлыншақ дауыстары ауылдың тірлігін көрсеткендей. Ал, ауылда қазір қандай тірлік бар? Әр үйден көтерілген көк түтін, көшелерде арлы-берлі жүрген машиналар, кейбір үйлерден жайылысқа қарай малын айдап бара жатқан таскескендіктер көрінеді. Жұматай осылай ауылға қарап қиялға батып отыра берер ме еді, кім білсін, артынан қарындасының айғайы естілді:

- Жұмаш, сені үйде досың тосып отыр. Тез келсін дейді!
- Қазір барам, тоссын, - деді де, жайлап орнынан тұрып үйіне беттеді.

Қайыржан досы есік алдындағы шарбаққа жапсырыла орнатылған орындыққа жайғасыпты, мойнына галстук тағып, кара шалбар, шолақ жең ақ көйлек киіп алған.